

## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 204 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 қазанда № 17492 болып тіркелді. "Казахстанская правда" от 06.12.2018 г. № 233 (28863)

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

### **Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т.қараңыз**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының отыз бесінші және отыз алтыншы абзацтарын, 4-тармағын, 7-тармағының жетінші, сегізінші және он сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

*Д. Ақышев*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 27 тамыз  
№ 204 қаулысына  
қосымша

## **Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі № 345 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2548 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартында:

кіріспенің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға \_\_\_\_\_ арқылы және \_\_\_\_\_ Сақтандыру ұйымы (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы - қатысушы) Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға \_\_\_\_\_ арқылы, бұдан әрі Тараптар деп аталады, мына төмендегілер жайында Шартты жасады:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Шарттың мәні сақтандыру ұйымының - қатысушының Заң және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу арқылы Қорға қатысуы, шартты міндеттемелерді қалыптастыруы, сондай-ақ осы шартта айқындалған сақтанушылардың құқықтарын қосымша қорғау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдауы болып табылады.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру ұйымы - қатысушы міндетті жарна сомасын Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8329 болып тіркелген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен

мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 қаулысына (бұдан әрі - № 387 қаулы) сәйкес дербес есептейді.

4. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары - қатысушылар міндетті жарналарды есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына дербес төлейді.

"Өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары - қатысушылар міндетті жарналарды міндетті жарналар мөлшерлемесі бекітілгеннен кейін күнтізбелік 15 (он бесінші) күннен кешіктірмей қаржы жылының қорытындысы бойынша Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына дербес төлейді.";

2-1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1-тарау. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары - қатысушылардың қосымша жарналарды төлеу тәртібі

4-1. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы - қатысушы Қор жыл сайын уәкілетті органның келісуімен белгілеген қосымша жарналар мөлшерлемесіне сәйкес айқындалған мөлшерде қосымша жарналарды төлейді.

4-2. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы - қатысушы қосымша жарнаның сомасын № 387 қаулыға сәйкес дербес есептейді.

4-3. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы - қатысушы қосымша жарналарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қордың шотына есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей әр тоқсанның қорытындысы бойынша дербес төлейді.";

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру ұйымы - қатысушы шартты міндеттемелердің мөлшерін № 387 қаулыға сәйкес дербес есептейді.

11. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы - қатысушы шартты міндеттемелерді есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша сақтандырудың әрбір кепілдік берілген түрі бойынша тоқсан сайын өз бетімен қалыптастырады және қалыптасқан шартты міндеттемелер ағымдағы тоқсан аяқталғанға дейін өзгермейді.

"Өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы - қатысушы шартты міндеттемелерді шартты міндеттемелер ставкасы бекітілгеннен кейін күнтізбелік 15 (он бесінші) күннен кешіктірмей жыл сайын өз бетімен қалыптастырады және қалыптасқан шартты міндеттемелер ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін өзгермейді.

12. Қор мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру ұйымы - қатысушыға берілетін сақтандыру портфелін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5365 болып тіркелген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының активтерін инвестициялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы № 148 қаулысына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17396 болып тіркелген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімін және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақы алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысына сәйкес инвестициялау нәтижесінде сатып алынған активтермен төлеуді жүзеге асырады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қор кепілдік төлемдерін Заңның 15 және 15-1-баптарында және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6287 болып тіркелген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 62 қаулысында белгіленген тәртіпте және талаптар бойынша жүзеге асырады.";

28-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді баспа басылымдарында және өзінің интернет ресурсында аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілікті жариялауға;"

30-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді баспа басылымдарында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу туралы ақпаратты жариялауға;"

31-тармақтың 2) және 2-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, Қорға осы Үлгі шарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру сыйлықақыларының, міндетті жарналар, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің есептелген сомасы жөніндегі мәліметті ұсынуға;

2-1) өткен қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қорға жасалған сақтандыру шарттарының саны туралы, сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы, осы Үлгі шарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өткен қаржы жылы

үшін сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің жалпы есептелген сомасы туралы мәліметті, сондай-ақ Қордың міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажет басқа ақпаратты ұсынуға;"

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қатысу шарты оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Міндетті, қосымша не төтенше жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайда сақтандыру ұйымы - қатысушы төлеу күнін қосқанда, мерзімі өткен әрбір жұмыс күні үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.";

37-тармақ алып тасталсын;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Сақтандыру ұйымы - қатысушы осы Шартты бірнеше мәрте бұзған жағдайда Қор сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сақтандыру ұйымы - қатысушыға инспекторлық тексеру жүргізу және (немесе) оған қадағалап ден қою шаралары мен санкцияларды қолдану туралы уәкілетті органға өтініш беруге құқылы.";

15-тарау "Тараптардың мекенжайы, банктік деректемелері және тараптардың қолдары" мынадай редакцияда жазылсын:

"15-тарау. Тараптардың мекенжайы, банктік деректемелері және тараптардың қолдары

Қор: Сақтандыру ұйымы - қатысушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (заңды мекенжайы, бизнес (атауы, заңды мекенжайы, сәйкестендіру нөмірі, телефон бизнес сәйкестендіру нөмірі, нөмірі, факс, e-mail) телефон нөмірі, факс, e-mail) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Банктік деректемелері (банктің атауы, Банктік деректемелері (банктің атауы, ағымдық шоттың №) ағымдық шоттың №) Қор: Сақтандыру ұйымы - қатысушы: Төраға \_\_\_\_\_ Төраға \_\_\_\_\_";

1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру сыйлықақыларының, міндетті жарналар, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің есептелген сомасы жөніндегі мәліметтер осы Қазақстан Республикасы сақтандыру қызметін реттеу мәселелері жөніндегі, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес Жасалған сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің жалпы есептелген сомасы туралы мәліметтер осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына заемдар беру және сатып алу сомасын есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 274 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3190 болып тіркелген, 2005 жылғы 8 тамызда "Заң газеті" газетінде № 90 (714) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары бекітілсін.";

Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына заемдар беру және сатып алу сомасын есептеу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 1-тармағына және 43-бабының 20) тармақшасына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және исламдық сақтандыру ұйымдарын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының (бұдан әрі - сақтандырушы) сатып алу сомасының шегінде өз сақтанушыларына қарыздар беру тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ сатып алу сомасын есептеу тәртібін белгілейді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандырушы сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын қоспағанда, өз сақтанушыларына жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша қарыздар береді. Қарыздар осы Қағидалардың

2-1-тарауына сәйкес есептелген сатып алу сомасы шегінде беріледі.";

14-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14-1. Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының

мөлшері жинақтаушы сақтандыру шартында осы мөлшер міндетті көрсетіле отырып, осы шарттың әрбір қолданылу жылының соңында айқындалады.";

14-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14-3. Сақтандыру сыйлықақысы бүкіл жинақтау кезеңінде бірмезгілде төленген сақтандыру шартын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шартының бірінші қолданылу жылының соңында сатып алу сомасының болуы көзделмейді."

3. "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпаратты жеткізушілер және кредиттік есепті қабылдаушылар ("Сақтандыру қызметі туралы" Заңның 80-бабының 4-тармағының 1), 2), 2-1), 4), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда) ұйымдастыру, технологиялық талаптардың Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру және ақпараттандыру туралы заңнамасында белгіленген, сондай-ақ Ұйыммен жасалған ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы жасалған шарттардан туындайтын талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.";

11 және 11-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6171 болып тіркелген "Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, тuroператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 24 қаулысында көзделген мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынады.

11-1. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіретін (алып кіргізілетін) автокөлік құралдары бойынша мәліметтерді Сақтандыру қызметі туралы Заңының 80-

бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат беруші көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей береді:

- 1) сақтандыру шартының түрі (стандартты, кешенді);
- 2) сақтандыру шартының Ұйым берген бірегей нөмірі;
- 3) сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;
- 4) өтініш беруші туралы мәліметтер:  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін );  
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы (жеке тұлға үшін );  
атауы, орналасқан орны (заңды тұлға үшін);  
резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті);
- 5) автокөлік құралы туралы мәліметтер:  
көлік құралының алып кіргізу мерзіміне тіркелгенін растайтын құжат;

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( бұдан әрі - Міндетті сақтандыру туралы Заң) сәйкес көлік құралының типі;

шығарылған жылы;  
шанағының нөмірі;

- б) сақтандырылушы (сақтандырылушылар) туралы мәліметтер:  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты жері;  
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы;

- 7) сақтандыру агенті туралы мәліметтер:

сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), байланыс нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы, орналасқан жері, байланыс нөмірі және

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол заңды тұлға болып табылса);

сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы нұсқау.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ұйым сақтандыру полисіне бірегей нөмірді мынадай тәртіппен береді:

1) сақтанушының көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға арналған өтініші негізінде сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылушы), көлік құралы (көлік құралдары) туралы мәліметтерді енгізуі;

2) дерекқорда сақтандыру полисіне енгізу үшін қажетті мәліметтер бар сақтандыру есебін қалыптастыру;



3) сақтандыру полисіне сақтандыру полисінің нөмірі болып табылатын бірегей нөмір беру."

4. "Тікелей реттеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 179 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4857 болып тіркелген, 2007 жылғы 5 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде № 135 (1338) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тікелей реттеуді жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты шығыстар - сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, келтірілген зиян мөлшерін бағалау бойынша, сондай-ақ сақтандыру жағдайының фактісін және мән-жайын анықтауға байланысты қосымша сараптамалар бойынша шығыстар. Бұл ретте қосымша сараптамалар бойынша шығыстар сақтандыру төлемі мөлшерінің он пайызынан аспайды;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тікелей сақтандырушы пайда алушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжатты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына сәйкес дерекқордан зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлға туралы тиісті сақтандыру есебін сұратады;

2) жауапты сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етеді.

Осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны (бұдан әрі - хабарлама) тікелей сақтандырушы жауапты сақтандырушыға жібереді.";

6-тармақ алып тасталсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Хабарламаға Заңның 25-бабының 2-тармағының 2), 3), 4), 4-1), 4-2) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттар, тікелей сақтандырушының сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты шығыстарын растайтын құжаттардың көшірмелері және сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Хабарлама электрондық нысанда жіберілген жағдайда тікелей сақтандырушы және жауапты сақтандырушы құжаттардың электрондық көшірмелерімен алмасады.

9. Сақтандыру жағдайы басталуының фактісі мен мән-жайына қатысты қосымша сараптама жүргізуді тікелей сақтандырушы өзінің ұйғарымы бойынша жүзеге асырады.

Тікелей сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталу фактісі мен мән-жайына қатысты қосымша сараптама жүргізуіне байланысты шығыстарын жауапты сақтандырушы, егер тікелей сақтандырушы Заңның 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздемелер бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан жағдайда өтейді.

Тікелей сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде жауапты сақтандырушыға осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей сақтандырушының қосымша сараптама жүргізуімен байланысты шығыстарды растайтын құжаттарды, сондай-ақ тікелей сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартудың негіздемелерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама электрондық нысанда жіберілген жағдайда тікелей сақтандырушы және жауапты сақтандырушы құжаттардың электрондық көшірмелерімен алмасады.

Жауапты сақтандырушы оның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей оны тікелей сақтандырушыға жауапты сақтандырушының тікелей сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімімен келісетіні туралы белгісімен жібереді.

Егер жауапты сақтандырушы осы тармақта белгіленген мерзімде тікелей сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарламаны жібермеген жағдайда, жауапты сақтандырушының келісуі расталған болып саналады.";

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тікелей сақтандырушының сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты шығыстарын өтеуден бас тартуға негіздемелер болған жағдайда, жауапты сақтандырушы осы тармақта белгіленген мерзімде тікелей сақтандырушыға бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып осындай шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жібереді.";

13-1 және 13-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1. Төрт және одан көп зардап шегушінің қатысуымен болған сақтандыру жағдайы бойынша зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемін тікелей сақтандырушы пайда алушыға Заңда көзделген тәртіппен оның мөлшерін жауапты сақтандырушымен келіскеннен кейін жүргізеді.

Тікелей сақтандырушы мүлікке келтірілген зиянның мөлшері айқындалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жауапты сақтандырушыға осы Ережеге 4-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу туралы өтінішті (бұдан әрі - өтініш) жібереді.

13-2. Жауапты сақтандырушы тікелей сақтандырушыдан өтінішті (басқа тікелей сақтандырушылардың өтініштерін ұсынғанына қарамастан) не пайда алушыдан тікелей сақтандырушы жасаған, мүлікке келтірілген зиянды анықтау жөніндегі құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей Заңда көзделген тәртіппен зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырады және өтінішті жауапты сақтандырушы толтыруға тиісті мәліметтерді көрсете отырып, тікелей сақтандырушыға жібереді.

Егер жауапты сақтандырушы осы тармақта белгіленген мерзімде өтінішті жібермеген жағдайда, тікелей сақтандырушы белгіленген мерзім аяқталған соң, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Бұл ретте тікелей сақтандырушы жауапты сақтандырушыға осы Ереженің 13-1-тармағында көзделген құжаттарды қайта жібереді.":

1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру жағдайы туралы хабарлама Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру жағдайы реттелгені туралы хабарлама Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарлама Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу туралы өтініш Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6287 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 506-512 (26355) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже мақсатына мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дебиторлар тізілімі - тарату комиссиясы беретін сақтандыру шарттарының сақтандыру сыйлықақылары төлемі бойынша таратылатын сақтандыру ұйымы алдында борышы бар тұлғалардың тізімі;

2) кредитор - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік беретін, сақтандыру жағдайы басталған кезде мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша, таратылатын сақтандыру ұйымының аннуитеттік

сақтандыру шарты бойынша кепілдік төлем алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) не сақтандыру шарты мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде келтірілген зиянды жәбірленушіге (зиянның өтелуіне құқығы бар адамға) өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға;

3) кредиторлар тізілімі - тарату комиссиясы беретін кепілдік төлемді алу құқығына иеленген тұлғалар тізімі.

4) сақтандыру актісі - сақтандырушы және (немесе) оның өкілінің қатысуымен қатысушы-сақтандыру ұйымы жасаған үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе мүлкіне) келтірілген зиянның жері, уақыты, мөлшері және себебі көрсетілген және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың негізі болып табылатын құжат;

5) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру ұйымы (қатысушы-сақтандыру ұйымы) - Қормен қатысу шартын жасасқан және оның акционері болып табылатын сақтандыру ұйымы;

6) сақтандырудың аннуитетті сыныптары бойынша кепілдік төлем - Қордың Заңында көзделген тәртіппен және талаптармен аннуитеттік сақтандыруға кепілдік беру шеңберінде сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) және (немесе) сақтандырылушының пайдасына төлейтін ақша сомасы;

7) сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдік төлем - "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңында (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң) көзделген жағдайларда, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген тәртіппен және талаптармен басталған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

8) шарттардың тізілімі - Заңның 15-1-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес кепілдік берілетін таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қолданыстағы аннуитетті сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тізілімі;

9) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қордың міндетті сақтандыру түрлері бойынша кепілдік төлемдерін жүзеге асыруы";

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кредитор Заңның 15-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша кепілдік төлемін алу үшін Қорға өтініш берген жағдайда, кепілдік төлемін жүзеге асыру жөніндегі жазбаша өтінішке мынадай растайтын құжаттарды;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер сақтандыру жағдайы қатысушы сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін табыстау күніне дейінгі кезеңде болған жағдайда - кредитор сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талабын қойған кезде ұсынатын Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы немесе сақтандыру шартында көзделген құжаттарды, сондай-ақ болжамды сақтандыру төлемінің мөлшерін не оны жүзеге асырудан бас тарту себептерін көрсете отырып, осы талапты қарау қорытындылары бойынша таратылатын сақтандыру ұйымы уақытша әкімшілігінің (тарату комиссиясының) шешімін бар болған - қоса береді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кредитор осы Ереженің 3-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап Қор 10 (он) жұмыс күні ішінде кепілдік төлемін жүзеге асыру (жүзеге асырудан бас тарту) туралы мәселені қарайды. Кредитордан келіп түскен өтініш бойынша шешім қабылдау үшін Қор қатысушы - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясынан (бұдан әрі - тарату комиссиясы) жазбаша түрде кредитордың сақтандыру ісін, соның ішінде есептелген және төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпаратты сұратады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Ереженің 3-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторы Қорға не қатысушы-сақтандыру ұйымына сақтандыру жағдайының басталуы және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында көзделген мерзімде және тәртіппен сақтандыру (кепілдік) төлемін жүзеге асыру туралы өтінішпен хабарласа алады. Қор мекенжайын көрсете отырып, қатысушы-сақтандыру ұйымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Кредитордың талабын алғаннан кейін қатысушы-сақтандыру ұйымы не Қор міндетті сақтандыру түрлері туралы заңнамалық актілерде немесе сақтандыру шартында көзделген тәртіппен сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізеді.";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тарату комиссиясы Қордың сұратуын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қорға сақтандыру полисінің көшірмесін не сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақы төлемін растайтын құжатты жібереді.

12. Өтініш берушіде қатысушы-мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен сақтандыру шарты бойынша ақпараты болған кезде қатысушы-сақтандыру ұйымы кредитор міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген құжаттың толық пакетін берген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін және сақтандыру актісін жасайды не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша кепілдік төлемін жүзеге асырудан бас тарту жөнінде жазбаша хабарлайды.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қор қатысушы - сақтандыру ұйымынан міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында және осы Ережеде көзделген құжаттар пакетін алғаннан кейін, Қор кепілдік төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде қабылдайды.

15. Қор кепілдік төлемін Заңда, міндетті сақтандыру түрлері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сақтандыру шартында және осы Ережеде белгіленген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде жүзеге асырады.

Қор кепілдік төлемін жүзеге асыруы үшін кредитор осы Ережеде көзделген құжаттардан басқа жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, банктік деректемелері (бар болған кезде) туралы деректерді ұсынады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Егер қатысушы сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін табыстау күніне дейін Қор Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріндегі талаптарға сәйкес кредитордың талабын қабылдаған ішіндегі уақыт кезеңі аяқталғанға дейін сақтандыру жағдайының басталуына әкеліп соқтырған оқиғаның нәтижесінде кредитордың денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің ең жоғарғы тобы белгіленеді) не ол қайтыс болса, Қор кредитордан немесе оның мұрагерлерінен келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде кепілдік төлемінің сомасын қайта есептейді. Кепілдік төлемінің сомасын қайта есептеген кезде есепке бұрын төленген сомалар қабылданады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. Қордан аннуитетті сыныптары бойынша кепілдік төлемдерін жүзеге асыруы

20-1. Қордан аннуитетті сыныптары бойынша кепілдік төлемдері келесі түрде жүзеге асырылады:

1) кредиторларға - "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңына сәйкес аннуитетті сақтандыру шарттары бойынша;

2) Заңның 7-бабы 2-2-тармағының бірінші бөлігіндегі үшінші абзацпен белгіленген жағдай туындағанда "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына кредиторлар пайдасына.

Кепілдік төлемді жүзеге асыру бойынша Қорға талап қою құқығы кредиторда Қордан шарттардың тізілімін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен соң туындайды және сақтандыру қызметі туралы Заңда көзделген тәртіппен қатысушы - таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелі тапсырылған күнге дейін қолданылады.

Уәкілетті орган өз қызметін "өмірді сақтандыру" саласында атқарған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиядан айырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тағайындаған уақытша әкімшілік, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөнінде және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дерекқорынан сақтандыру аннуитетті сыныптары бойынша шарттар тізілімін Қорға қалыптастырып береді және тапсырады, олар бойынша Заңның 15-1-бабының 2-тармағының бірінші бөлігіндегі 1) тармақшасына сәйкес кепілдік ұсынылады.

Қор уақытша әкімшіліктен аннуитетті сақтандыру шарттарының тізілімін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кредиторларға кепілдік төлемдерді жүзеге асырғаны туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын екі мерзімді баспасөз басылымында және Қордың интернет-ресурсында жариялайды.

20-2. Қор сақтандырудың аннуитеттік сыныптары бойынша кепілдік төлемдердің үзіліссіздігі мен уақтылылығын қамтамасыз етеді. Қор мен сақтандырушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында жаңа шарт жасаудың қажеті жоқ.

Заңның 15-1-бабының 2-тармағының бірінші бөлігіндегі 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша кепілдік төлемді жүзеге асыру бойынша Қорға талап қою құқығының туындауына байланысты кредитор Қорға өтініш жасаған жағдайда, Қор кепілдік төлемін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінен алынған ақпарат негізінде жүзеге асырады.

Заңның 15-1-бабының 2-тармағының бірінші бөлігіндегі 2) тармақшасымен белгіленген құқығын жүзеге асыру мақсатында және заңды тұлға және сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымы таратылған жағдайда, кредитор "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе Қорға жүгінеді.

Осындай аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын Қор төлейді.

Қажет болған жағдайда, кредитор және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасында жасалған аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының дұрыс есептелгенін тексеру үшін Қор тәуелсіз актуарийді тартады.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы аннуитеттік сақтандыру шартын жасаған кезде және ол шарттың қолданысы өткен соң қызметкердің кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін белгілеу немесе ұзарту (қайта куәландыру) салдарынан кейінгі аннуитеттік сақтандыру шарты қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру портфелін қабылдаған сақтандыру ұйымымен жасалуы тиіс.

Заңның 7-бабының 2-2-тармағының бірінші бөлігіндегі екінші абзацпен белгіленген аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша кредиторларға кепілдік төлемді Қор шарттар тізілімін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен соң кредитордың банктік шотына қолма-қол ақшасыз нысанда не қолма-қол ақшамен жүзеге асырады."

6. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8329 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 141 (28080) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше



жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі (бұдан әрі - Әдістеме) бекітілсін.";

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі (бұдан әрі - Әдістеме) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шартын жасасқан сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - қатысушы сақтандыру ұйымдары) міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін белгілейді."

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Міндетті жарналар мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әдістеменің 2-тармағына сәйкес айқындалатын "жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған міндетті жарна мөлшерлемесін Қор есептейді және ол есептелген сақтандыру сыйлықақылары сомасының кемінде 0,35 (нөл бүтін жүзден отыз бес) пайызын құрайды және есептелген сақтандыру сыйлықақылары сомасының 2 (екі) пайызынан аспайды.

Әдістеменің 2-тармағына сәйкес айқындалатын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған міндетті жарна мөлшерлемесін Қор есептейді және ол есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен

осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырманың 1 (бір) пайызынан аспайды.

Қорға қатысу шартын жасаған соң бірінші рет төленуге жататын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған міндетті жарна мөлшерлемесі есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтері сомасының 0,71 (нөл бүтін жүзден жетпіс бір) пайызынан аспайды.

4. "Жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қорға жасалған сақтандыру шарттарының саны, кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша өткен қаржы жылы үшін сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы ақпарат береді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1. "Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қорға жасалған сақтандыру шарттарының саны, кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы, сондай-ақ өткен қаржы жылы үшін кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы ақпарат береді.";

5-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қор Әдістеменің 4 және 4-1-тармақтарында көзделген ақпаратты алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жоғарылату коэффициентін ескере отырып, Заңының 4 -бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісім бойынша міндетті жарналар мөлшерлемесін есептейді, бекітеді және оны қатысушы сақтандыру ұйымдарына жібереді.

Қатысушы сақтандыру ұйымдары жасалған сақтандыру шарттарының саны, кепілдік берілген сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы дәйексіз (толық емес) ақпаратты берген жағдайда, Қор міндетті жарналар мөлшерлемесін түзетуді жүргізеді. Бұл ретте, міндетті жарналар мөлшерлемесі азайтылған жағдайда, Қор қатысушы сақтандыру ұйымдарының артық төлеген сомаларын олардың ағымдағы қаржы жылы үшін төлейтін болашақ жарналары есебіне есептейді. Міндетті жарналар мөлшерлемесі ұлғайтылған жағдайда, қатысушы сақтандыру ұйымдары Қорға Әдістеменің 7-тармағында көзделген мерзімде қосымша сомаларды төлейді.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы міндетті жарна сомасын кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша есепті тоқсан ішінде есептелген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасына (сақтандыру шарттары мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтанушыларға қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйлықақыларын шегере отырып) көбейту арқылы есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша тоқсан сайын дербес есептейді.

"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы міндетті жарна сомасын есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырмаға көбейту арқылы жыл сайын дербес есептейді.

Қорға қатысу шартын жасаған соң бірінші рет төленуге жататын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған міндетті жарна мөлшерлемесін есептеу міндетті жарна сомасын есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің сомасына көбейту арқылы жүргізіледі.

7. "Жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары міндетті жарналарды төлеуді есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша Қордың уәкілетті органдағы шотына дербес жүргізеді.

"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары міндетті жарналарды төлеуді міндетті жарналардың мөлшерлемесін бекіткен күннен соң күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей қаржы жылының қорытындысы бойынша Қордың уәкілетті органдағы шотына дербес жүргізеді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қосымша жарналардың мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Шартты міндеттемелер мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, оларды қалыптастыру және есепке алу тәртібі";

18, 19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Әдістеменің 17-тармағына сәйкес айқындалатын "жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қалыптастыруға жататын шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін Қор есептейді және өткен қаржы жылындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары жалпы сомасының кемінде 1 (бір) пайызын құрайды және 4 (төрт) пайыздан аспайды.

Әдістеменің 17-тармағына сәйкес айқындалатын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қалыптастыруға жататын шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін Қор есептейді және есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырманың 4 (төрт) пайызынан аспайды.

Қатысу шартын жасаған соң бірінші рет қалыптастырылуға жататын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған шартты міндеттемелердің мөлшерлемесі қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтері сомасының 4 (төрт) пайызынан аспайды.

19. Қор барлық қатысушы сақтандыру ұйымдарынан Әдістеменің 4 және 4-1-тармақтарында көзделген ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Заңның 4-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен келісу бойынша шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептейді, бекітеді және оны қатысушы сақтандыру ұйымдарына жібереді.

Қатысушы сақтандыру ұйымдары жасалған сақтандыру шарттарының саны, кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы дәйексіз (толық емес) ақпаратты берген жағдайда, Қор шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін түзетуді жүргізеді.

20. "Жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы шартты міндеттемелердің мөлшерін есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша есепті тоқсан ішінде есептелген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасына көбейту арқылы (сақтандыру шарттары мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтанушыларға қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйлықақыларын шегере отырып) тоқсан сайын дербес есептейді.

"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы шартты міндеттемелердің мөлшерін есептеуді шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін бекіткен күннен соң күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырмаға көбейту арқылы жыл сайын дербес жүргізеді.

Қатысу шартын жасаған соң қалыптастырылуға жататын бірінші шартты міндеттемелердің мөлшерін есептеуді "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін бекіткен күннен соң күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей шартты

міндеттемелердің мөлшерлемесін есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің сомасына көбейту арқылы дербес жүргізеді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдері";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қатысушы сақтандыру ұйымы төтенше жарналарды Заңда белгіленген жағдайларда және мөлшерде төлейді."

7. "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындау және оның өкілеттіктері қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып тіркелген, 2014 жылы 3 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындау және оның өкілеттіктері қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уақытша әкімшілік ұйым басшысынан (оның орнындағы адамнан) және ұйымның материалдық жауапты өзге адамдарынан ұйымның барлық мөрлерін (бар болса), мөртабандарын, клишелерін, кілттерін, пломбаларын және Қағидалардың 15-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды дереу өткізуін талап етеді.

Уақытша әкімшілік ұйым басшысы (оның орнындағы адам) және ұйымның материалдық жауапты өзге адамдар мөрлерді (бар болса), мөртабандарды, клишелерді, кілттерді, пломбирлерді және Қағидалардың 15-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды өткізбеген жағдайда Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкес уақытша әкімшіліктің жұмысты жүзеге асыруына кедергі ету туралы актіні (бұдан әрі - кедергі ету туралы акт) жасайды және 2 (екі) жұмыс күні ішінде қажетті мөрлердің, мөртабандардың, клишелердің, кілттердің және пломбирлердің телнұсқаларын дайындау бойынша шаралар қабылдайды.

Уақытша әкімшілік мөрдің телнұсқасын әзірлеген күннің алдындағы жұмыс күнінен кешіктірмей, мөрдің телнұсқасының және мөрдің телнұсқасы бедерлемесін әзірленгендігі туралы уәкілетті органға хабарлама жібереді.";

16-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уақытша әкімшілік жасамаған ұйымның мүлікті айыру бойынша мәмілені тіркеуге, сондай-ақ ұйым кепіл ұстаушы болып табылатын мүліктен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілеу мақсатында тіркеуші органдарды, орталық депозитарийді және қор биржасын уәкілетті органның ұйымды лицензиядан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімдерімен хабардар етеді";

18-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиясынан айырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандыру туралы заңның 54-1-бабында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 303 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14787 тіркелген Сақтандыру портфелін беру қағидаларында және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерінде көзделген тәртіппен сақтандыру портфелін беру туралы шешім қабылдайды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын және мүлкін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан уақытша әкімшіліктің басшысына қабылдау-өткізу жиынтықты актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына "жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарының тізілімін ұсынады;"

мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. "Өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын " өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айырған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес кепілдік берілетін сақтандырудың аннуитеттік сыныптары бойынша таратылатын сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымның дерекқорынан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру ) ұйымының аннуитеттік сақтандыру шарттарының тізілімін қалыптастырады және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына береді;"

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандырудың аннуитеттік сыныптары бойынша кепілдік төлемдерді жүзеге асырғаны туралы хабарлама жариялайды. Сақтандырудың аннуитеттік сыныптары бойынша кепілдік төлемдердің жүзеге асырылғаны туралы хабарлама Қазақстан Республикасының барлық аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын екі баспа басылымында және сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының интернет-ресурсында жарияланады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Уақытша әкімшілік тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап өз өкілеттігінен босайды және Банктер туралы заңда, Сақтандыру туралы заңда белгіленген мерзімдерде және тәртіпте мүлік пен құжаттарды (ұйымның бухгалтерлік



Кепілдік берілген сыныптың атауы	"Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер" 6280 41 шот бойынша кредиттік айналымдар	"Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер" 6280 41 шот бойынша дебеттік айналымдар	"Қайта сақтандырушылармен, Қазақстан Республикасының резиденттерімен есеп айырысулар" 3390 42 шот бойынша кредиттік айналымдар	Есептелген міндетті жарналар сомасы	Есептелген шартты міндеттемелер сомасы	Қорға қатысудың басынан бастап кезең ішінде есептелген шартты міндеттемелердің жалпы сомасы (өспелі жиынтығымен)	Есептелген қосымша жарналар сомасы
----------------------------------	--	---	--	-------------------------------------	--	--	------------------------------------

Бірінші басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

(қолы)

(күні)

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 2-қосымша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартына 2-қосымша Нысан

**Жасалған сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің жалпы есептелген сомасы туралы мәліметтер** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сақтандыру ұйымы - қатысушының атауы) 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсандағы) Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(мың теңгемен)

Кепілдік берілген сыныптың атауы	Жасалған сақтандыру шарттарының саны (бірлікпен)	Сақтандырылған объектілер саны (бірлікпен)	Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру қ а й т а	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы ("өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын
----------------------------------	--	--	--	---	---



		сақтандыру сыйлықақылары	сақтандыру ұйымдары үшін)
--	--	-----------------------------	------------------------------

Бірінші басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

(қолы)

(күні)

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
3-қосымша  
Тікелей реттеуді жүзеге асыру  
қағидаларына 1-қосымша  
Нысан

**Сақтандыру жағдайы туралы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарлама**

1.	Тікелей сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банк деректемелері	
2.	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлға туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және сақтанушының мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін); атауы, мекен-жайы және банк деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	
3.	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғаның сақтандыру полисінің нөмірі мен ресімделген күні	
4.	Сақтандыру жағдайы туралы мәліметтер	
4.1.	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күні , әкімшілік құқық бұзушылық	

	туралы істерді қарауға уәкілетті органның атауы	
4.2.	Соттың қылмыстық іс жөнінде іс жүргізу шешімін қабылдаған күні және оның заңды күшіне енетін күні	
5.	Өзге мәліметтер	

Сақтандыру жағдайын қарауға жауапты тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
4-қосымша  
Тікелей реттеуді жүзеге асыру  
қағидаларына 2-қосымша  
Нысан

**Сақтандыру жағдайының реттелгені туралы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарлама**

1.	Тікелей сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банк деректемелері	
2.	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлға туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және сақтанушының мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін); атауы, мекен-жайы және банк деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	
3.	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғаның сақтандыру полисінің нөмірі мен ресімделген күні	

4.	Сақтандыру жағдайы туралы мәліметтер	
4.1.	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күні , әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның атауы	
4.2.	Соттың қылмыстық іс жөнінде іс жүргізу шешімін қабылдаған күні және оның заңды күшіне енетін күні	
5.	Сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты шығыстар (теңгемен)	
5.1.	Зардап шегушінің (зардап шегушімен) келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі	
5.2.	Зардап шегушінің (зардап шегушімен) өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі	
5.3.	Зиянның мөлшерін анықтауға байланысты шығыстар	
5.4.	Өзге шығыстар	
6.	Өзге мәліметтер	

Бірінші басшының немесе уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): \_\_\_\_\_

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
5-қосымша  
Тікелей реттеуді жүзеге асыру  
қағидаларына 3-қосымша  
Нысан

**Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарлама 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_**  
№ \_\_\_\_\_

1.	Тікелей сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банк деректемелері	
	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе)	

2.	мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлға туралы мәліметтер: сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін); атауы, мекен-жайы және банк деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	
3.	Зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғаның сақтандыру полисінің нөмірі мен ресімделген күні	
4.	Сақтандыру жағдайы туралы мәліметтер	
4.1.	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күні , әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның атауы	
4.2.	Соттың қылмыстық іс жөнінде іс жүргізу шешімін қабылдаған күні және оның заңды күшіне енетін күні	
5.	Сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты және пайда алушыға төленетін шығыстар (теңгемен)	
5.1.	Зардап шегушінің (зардап шегушілердің) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі	
5.2.	Зардап шегушінің (зардап шегушілердің) өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі	
5.3.	Зиянның мөлшерін анықтауға байланысты шығыстар	
5.4.	Өзге шығыстар	
6.	Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіздемелер	
7.	Өзге мәліметтер	

Тікелей сақтандырушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Жауапты сақтандырушы толтыратын мәліметтер (келісемін немесе келіспеймін):

Жауапты сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банк деректемелері

Жауапты сақтандырушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
6-қосымша  
Тікелей реттеуді жүзеге асыру  
қағидаларына 4-қосымша  
Нысан

Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу туралы өтініш 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_

(тікелей сақтандырушының атауы)

(жауапты сақтандырушының атауы)

зардап шегуші \_\_\_\_\_

(зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін жібереді.

Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері

\_\_\_\_\_ теңгені  
(сомасы цифрмен және жазбаша)

кұрайды. № \_\_\_\_\_ сақтандыру жағдайы туралы хабарлама

\_\_\_\_\_ 20\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
(жауапты сақтандырушының атауы) жіберілген.

Тікелей сақтандырушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): \_\_\_\_\_

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

2. Жауапты сақтандырушы толтыратын мәліметтер:

\_\_\_\_\_, сақтандыру төлемінің (жауапты сақтандырушының атауы)

мөлшерін есептеу туралы 20\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

өтінішті қарап, зардап шегуші \_\_\_\_\_ (зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі

\_\_\_\_\_ теңгені құрайтыны (сомасы цифрмен және жазбаша)

туралы хабарлайды.

\_\_\_\_\_ сақтандыру төлемнің (жауапты сақтандырушының атауы) мөлшерін есептеу туралы өтінішті алған күнге сақтандыру төлемі \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

(сомасы цифрмен және жазбаша)

Сақтандыру сомасы тиісті сақтандырушыларға немесе пайда алушыларға жауапты сақтандырушымен іске асырылған басқа зардап шегушілеріне келтірілген зиянды өтеу

бойынша сақтандыру төлемдері шегеріле отырып, жауапты сақтандырушымен көрсетіледі.

Жауапты сақтандырушының бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса):

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
7-қосымша

Банктің, сақтандыру (қайта  
сақтандыру) ұйымының  
уақытша әкімшілігін  
(уақытша әкімшісін) тағайындау  
және оның өкілеттіктері  
қағидаларына қосымша

Нысан

"Бекітілді"

Уақытша әкімшілік басшысы

(ҚОЛЫ)

20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_

**Уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасы \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_**  
**айындағы \_\_\_\_\_ ұЙЫМНЫҢ АТАУЫ \_\_\_\_\_**

№	Шығыстар атауының баптары	Жоспарланған шығыстар сомасы (мың теңге)
1	2	3
1	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	
1.1	Уақытша әкімшілік басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін ұйымның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу	
1.1.1	Лауазымдық еңбекақы	
1.1.2	Табыс салығы	
1.1.3	Міндетті зейнетақы жарналары	
1.2	Өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тұлғаларға еңбекақы төлеу	
2	Бюджетке аударымдар	
2.1	Салықтар	
2.2	Төлемдер	
2.3	Өзге де салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	
3	Әкімшілік шығыстар	
3.1	Қызметтік және шаруашылық қажеттікке арналған көлікті жалдау қызметтері	

3.2	Байланыс қызметтері (телекоммуникация шығыстары, телефон, телеграф пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесу, почта және анықтама қызметтерінің қызмет көрсету шығыстары)	
3.3	Үйлер мен ғимараттарды (меншікті және кепілге қойылған мүлікті) күзету және сигнализация қызметтері	
3.4	Көлікті күзету қызметі	
3.5	Көліктерге арналған тұрақтар ұсыну қызметі	
3.6	Көлік тіркеу қызметі	
3.7	Көлікті техникалық бақылаудан өткізу қызметі	
3.8	Көлікті сақтандыру қызметі	
3.9	Коммуналдық қызметтер	
3.10	Мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтарды және тауар-материалдық құндылықтарды ағымдағы жөндеу, техникалық сервистік қызмет көрсету (тексеру), демонтаж жұмыстары	
3.11	Үй-жайды жалдау	
3.12	Тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы тіркеу қызметі	
3.13	Мүлікті бағалау қызметі	
3.14	Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қызметі	
3.15	Жылыту жүйесін іске қосуға дайындау қызметі	
3.16	Сантехникалық жұмыстар	
3.17	Мүлікті сақтау қызметі	
3.18	Құжаттарды нотариалды куәландыру және апостильдеу қызметі	
3.19	Мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру қызметі	
3.20	Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қызметі	
3.21	Инкассациялау қызметі	
3.22	Сараптама өткізу қызметі	



3.23	Бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету	
3.24	Құжаттарды аудару қызметі	
3.25	Телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру немесе көшіру	
3.26	Орталық депозитарий қызметі	
3.27	Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу қызметі	
3.28	Банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашпай жүзеге асырылған ақша аударымы және төлемі бойынша қызмет	
3.29	Жеке сот орындаушыларының қызметі	
3.30	Қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қызметі	
3.31	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар	
4	Тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу шығыстары	
4.1	Офистік жабдықты жұмыс күйінде ұстауға арналған шығыстар	
4.2	Көлік құралдарын ұстауға арналған шығыстар	
4.3	Үй-жайларды ұстауға арналған шығыстар	
4.4	Қағаз және бланк өнімдер сатып алуға арналған шығыстар	
4.5.	Кеңсе тауарларын сатып алуға арналған шығыстар	
4.6	Жанар-жағар май материалдарын сатып алуға арналған шығыстар	
5	Іссапар шығыстары	
6	Жаңылыс нұсқау бойынша келіп түскен ақшаны қайтару шығыстары	
7	Банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияларды жүргізуге арналған банк шығыстары	
8	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық көлемде сақтандыру портфелін басқа	

	сақтандыру ұйымына беру бойынша шығыстары	
9	Кездейсоқ шығыстар	
Айына жиынтығы		

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (бар болса) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты) (бар болса) (қолы)

Телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
8-қосымша  
Зейнетақы аннуитетінің  
үлгілік шартына  
2-қосымша  
Нысан

### **Зейнетақы аннуитеті шартына қорытынды**

**Ескерту. 8-қосымшаның күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 45 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
9-қосымша  
Зейнетақы аннуитеті шарты  
бойынша сақтандыру ұйымынан  
сақтандыру сыйлықақысын және  
сақтандыру төлемін есептеу  
әдістемесіне  
1-қосымша

**Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша ағымдағы құн факторын, зейнетақы жинақтары мен сақтандыру сыйлықақысының жеткіліктілігін, мерзімді сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу**

Ескерту. 9-қосымшаның күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 45 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК